



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Список использованных источников:

1. Двухязычные книги на английском и русском языках Старик и море Эрнест Хемингуэй [Электронный ресурс]. – 2007-2009. Режим доступа: [<http://www.engl.org/resources/bilingual-books/book/25945> ; дата обращения : 26. 02. 2015].
2. Арнольд И. В. Стилистика. Современный английский язык - М.: Наука, 2002.- С. 10-305
3. Бухаркин П. Е. Стилистика. Современный английский язык – М.: Флинта, 2002. – С. 232-234

УДК: [372.8:811.111]:[621.395.623:004]

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУ

Сейлхан А.

aisu_jan94@mail.ru

Еуразия Ұлттық Университеті, Филология факультеті, ШТ-41 студенті, Астана қ.,
Қазақстан

Ғылыми жетекші: Д.Х. Байдрахманов

Аннотация: Бұл мақалада ұялы телефондардың қазіргі таңда білім саласында, әсіресе ағылшын тілі сабағында кеңінен қолданылып келе жатқаны; ұялы телефондардың көмегімен оқушылардың қызығушылығын және өзара қарым-қатынастарын дамыту қарастырылған.

Кілттік сөздер: ақпараттық технология, ұялы телефон, электронды құралдар, екінші шет тілі, ақпараттық бағдарламалар.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың көптеген түрлері ойлап табылып жатыр және оларды кез келген адам кез келген жерде қолдана алады. Соның ішінде, нақты айтатын болсақ, ұялы телефондар. Осының бәрі бір сұраққа алып келеді, ол: “Біз ұялы телефондарды шетел тілі сабағын жақсарту үшін қалай қолдана аламыз?”. Бұл сұраққа деген жауаптар өте көп және әртүрлі болып келеді, өйткені ұялы телефондардың атқаратын қызметі сан алуан. Ұялы телефондармен жұмыс жасау үшін арнайы білім қажет етілмейді. Дегенмен ұялы телефондарды қолданудың артықшылықтарымен қоса кемшіліктері де жетерліктей.

Ұялы телефондар мен басқада электронды құралдардың сабақ беру мен білім алудағы артықшылықтары жайлы қызығушылықтар олардың соңғы кездері бағасының арзандап сапасының жоғарылауынан туындап отыр. Басқа да себептері болып оқушылардың телефондармен жұмыс жасауы компьютермен жұмыс жасағаннан да көп әрі жиі болуында [1, б. 20].

Педагогикалық жағынан алып қарағанда да олардың екінші шет тілін үйренуде қолданудағы бірнеше себептері бар. Мысалы, сабақ үстінде білмеген сөздерін ұялы телефондарындағы сөздіктерден қарау немесе шетелдік достарымен әлеуметтік желілерде әңгімелесуі.

Оқушылар сабақ басталып сыныпқа кірген кезден бастап мұғалімдердің көбісі назары сабақтан ауып кетпесі үшін ұялы телефондарын өшіріп тастауын немесе үнсіздік қалпына қоюын айтады. Бірақта керісінше бұл олардың назарын ұялы телефондарына одан да қаттырақ аударуы мүмкін. Өйткені оқушы алаңдап телефонына қарай беретін болады. Бұл жағдайлар қазіргі оқушыларда жиі байқалады. Сондықтан ұялы телефонға тиым салмай оны сабақ үстінде қосымша көмекші құрал ретінде қолданған абзал болып табылады.

Ағылшын тілі сабағында ұялы телефондарды қолдануға арналған бірнеше

пайдалы идеялар

Ұялы телефондарды қолдануға арналған төмендегі идеялар сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу қабілеттерін дамытуға тікелей бағытталған. Келесі берілетін материалдар мен әдіс-тәсілдер оқушылардың қызығушылықтарына, жас ерекшеліктеріне және жеке қабілеттеріне байланысты өзгеріп тұрады.

Идея 1: Тегін ұялы телефондағы бағдарламаларды қолдану

Бұл ойға мысал ретінде Evernote (www.evernote.com) бағдарламасын алуға болады. Оқушылар осы сайтқа кіріп тіркеледі немесе бағдарламаны өздерінің телкефондарына жүктеп алады. Бұл бағдарлама арқылы оқушылар өздері сурет немесе қолдарымен жазу жаза алады. Сонымен қатар оны басқа досатарымен бөлісе алады. Осылайша олар жаңа сөздерді суреттермен байланыстыра отырып үйрене алады. Осыған қоса және “Lingua Leo”, “Полиглот” сияқты пайдалы бағдарламалар өте көп [2, б. 186].

Идея 2: Ұялы телефондарда болатын диктофондар арқылы теледидардан немесе радиодан дауыстарды жазып алуға болады

Оқушылар өздері есітіп қалған маңызды ақпараттарды жазып алуына болады. Сонымен қатар өздерінің мәтіндерді оқыған дыбыстарын жазып алып оқылымдарын тексеріп, қателерін түзетуге болады. Оған қоса оқушылар бір бірімен ағылшын тілінде сөйлесіп, оны жазып алып сабақ үстінде қолдана алады.

Идея 3: Хабарлама жазу қызметі арқылы жазба жаздыру

Шындығына келсек оқушылар эссе, шығарма сияқты жазба жазуды ұната бермейді. Егер біз телефондарын қолдану арқылы сөйлем құраңдар десек, онда оны басақаша қабылдайды. Қызығушылықтары артып керісінше бір бірімен жарысып тапсырмаларды орындауы артар еді.

Идея 4: Телефонның камерасын қолданып мәтіндерді суретке түсіру

Бұл қазіргі кезде өте кең тараған жолдардың бірі. Оқушылар керекті нарселерін суретке түсіріп, оны достарымен бөлісе алады. Сонымен қатар сол түсірген суреттерін компьютерге өткізіп керегіне қолдана алады.

Идея 5: Әлеуметтік желілерде отыру үшін қолдану

Бәріміз білетіндей бүгінгі таңда жылдам әрі тығыз қарым-қатынас жасауға көмектесетін желілер өте көп. Ол желілерді қолданатын жастарда жетерліктей. Осы желілерге тіркеліп, оқушыларымыз өздерінің сыныптастарымен, тіпті шетелдік достарымен ағылшын тілінде сөйлесе алады. Ал бұл әрине өз кезегінде дұрыс жаза білу қабілеті мен жаңа достарды тауып солармен өзара қарым-қатынаста болу қызығушылығын арттырады [1, б. 23].

Идея 6: Таспаларды жиі тыңдау арқылы тыңдалымды дамыту

Оқушылар өз ұялы телефондарына әдеби шығармалардың электронды нұсқасын жүктеп алып тыңдап жүрсе ол тыңдап, сөздерді тез әрі оңай тануға көмектеседі. Ол таспаларға қоса, ағылшын тіліндегі әуендерді тыңдап жатап жүрсе ауызекі тілдегі сөздерден хабардар болуына үлес қосатын еді.

Идея 7: Ұялы телефондағы білім беретін ойындарды ойнау

Ұялы телефондарда болатын ойындардың ішінде тіл үйренуге көмектесетін көптеген бағдарламалар шыққан. Оған мысал ретінде төмендегі суретте көрсетілген «Word match» ойынынан үзіндіні алайық. Оқушылар жаңа сөздерді суреттерімен бірге көріп тез жаттай алады. Ал суреттер арқылы өздерінің танымдық қабілеттерін жоғарылатуға мүмкіндіктері мол. Сонымен қатар мысалда көрінетіндей оқушылар тапсырманы орындау кезінде қайсы сөз қай суретке сәкес келетіндігін ойлау арқылы критикалық ойлау қабілетін дамыта алады.

Жоғарыда айтылып кеткен мәліметтің бәрі ұялы телефонды шет тілі сабағында қолданудың артықшылықтары еді. Енді оның кемшіліктеріне тоқталып өтсек.

Біріншіден, мектеп оқушыларының барлығында бірдей ұялы телефонның болмауы. Бүгінде жастардың барлығында дерлік телефон бар әрине, бірақта біз айтып кеткен қызметтерді атқара алмаса ол тағы бір мәселелердің бірі болып табылады. Екіншіден, көп қызмет атқаратын әмбебап телефондардың бағасының қымбат болуында. Елімізде барлық оқушылардың ата-анасының балаларына телефон сатып алып беруіне қалталары көтере

бермейді. Үшіншіден, мектепте кезде ұялы телефонды тек білім алу үшін ғана емес, басқа да сауықтыру мақсатында қолдану немесе сабақ кезінде телефонның шырылдап сабақты бөлуі. Осы келтірілген кемшіліктер уақыт өте келе қадағаланып түзетілетіні анық. Ол үшін мұғалім үнемі өзінің оқушыларымен тығыз байланыста болып, мәселенің маңыздылығын түсіндіріп отыруы керек[4].



1- сурет. «Word match» ойыны.

Қорыта айтқанда, жоғарыда келтірілген идеялар мен мысалдардан көретініміздей ұялы телефондарды ағылшын тілі сабағында пайдалану арқылы біз ең негізгі сөйлеу, оқу, жазу және тыңдау қабілеттерін дамыта аламыз. Сонымен қатар қазіргі таңда барлық сала осы шығарылып жатқан ақпараттық технологиялармен байланысты болғандықтан жас ұрпақты басынан бастап жаңа технологияларды меңгеруге тәрбиелесек, болашақта осы берілген білімдері арқылы өте дарынды әрі шебер қоғам мүшесі болып өседі.

Қолданылған әдебиеттер

1. Reinders H. Twenty ideas for using mobile phones in the language classroom // English teaching forum. (3). — 2010. — 3. 20-23.
2. Каламбаева, Г.Б. *Methods and activities of using mobile phones in teaching foreign language* in Ғылым мен білім - 2013. 187-190р.
3. Shuler, C. *The future of mobile learning*. United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization, 2013, - 43р.
4. Hajim, M. *Mobile Learning: 5 Advantages and 5 Disadvantages* on <http://www.edudemic.com/mobile-learning/>

ОӘК: [372.8:811.111]:159.923

**АҒЫЛШЫН ТІЛІН ӘР ОҚУШЫНЫҢ ҚАБЫЛДАУ ТИПТЕРІНЕ СҮЙЕНЕ
ОТЫРЫП ТИІМДІ ОҚЫТУ**

Сүлеймен Н.Б.